



БҰЙРЫҚ

2022 жылғы "05" қаңтар

№ 1-2

от " 05 " января 2022 года

**Аудандағы жалпы білім беретін мекемелердегі
оқушылардың тамақтануын сапалы ұйымдастыруды
бақылау жөніндегі аудандық ведомстваралық
сараптамалық топтың құрамын бекіту туралы**

**Аудандық білім бөлімінің 15.10.2021 жылғы №1-385
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Аудандық білім бөлімінің 15.10.2021 жылғы №1-385 бұйрығына өзгерістермен толықтырулар енгізу бойынша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 598 бұйрығын *(жаңа редакцияда 24.05.2021 жылғы № 231 бұйрық)* жүзеге асыру барысында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Аудандағы жалпы білім беретін мекемелердегі оқушылардың тамақтануын сапалы ұйымдастыруды бақылау жөніндегі аудандық ведомстваралық сараптамалық топтың *(бұдан әрі – ВСТ)* құрамы бекітілсін (Қосымша 1).

1.1. Мұғалжар аудандық білім бөлімінің заңгері, кеңес мүшесі А.Е.Тунгатар бала күтіміндегі демалысқа шығуына байланысты, кеңес мүшесі ретінде Мұғалжар аудандық білім бөлімінің сектор меңгерушісі Байтақов Жандос Кеңшілікұлы болып бекітілсін.

2. Аудандағы жалпы білім беретін мекемелердегі оқушылардың тамақтануын сапалы ұйымдастыруды бақылау жөніндегі аудандық ведомстваралық сараптамалық топтың жоспары бекітілсін (Қосымша 2).

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлімінің бас маманы М.К.Жуманбетоваға жүктелсін.

Бөлім басшысы



Г.Нурсултанова

**Ақтөбе облысының білім
басқарамасы Мұғалжар
аудандық білім бөлімінің
№ 1-2 бұйрығына 1 Қосымша
"05" қаңтар 2022 ж.**

**Аудандағы жалпы білім беретін мекемелердегі оқушылардың
тамақтануын сапалы ұйымдастыруды бақылау жөніндегі аудандық
ведомстваралық сараптамалық топтың құрамы**

1. Г.Б.Нурсултанова- Мұғалжар аудандық білім бөлімінің басшысы, сарапшы топ төрағасы;
2. Г.К.Сатыпалдина - «Нұр Отан» партиясы Мұғалжар аудандық филиалының сектер меңгерушісі, топ төрағасының орынбасары (келісім бойынша);
3. М.К.Жуманбетова - Мұғалжар аудандық білім бөлімінің бас маманы, топ мүшесі;
4. Ж.К.Байтақов – Мұғалжар аудандық білім бөлімінің сектор меңгерушісі, топ мүшесі;
5. М.О.Шауменова - Мұғалжар аудандық білім бөлімінің сатып алу секторының есепшісі, топ мүшесі;
6. С.А.Ведюшкин – Мұғалжар аудандық мәслихат депутаты, топ мүшесі (келісім бойынша);
7. А.А.Оракова – Мұғалжар аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы, топ мүшесі (келісім бойынша);
8. Г.С.Сарсенова- Қандыағаш қалалық №4 ЖББОМ-нің ата-аналар комитетінің төрайымы, топ мүшесі (келісім бойынша);
9. С.К.Алибаева – Ембі қалалық №3 ЖББОМ-нің ата-аналар комитетінен, топ мүшесі (келісім бойынша);